

№4«Балбөбек бөбекжай- балабақшасында өткізілген қамқоршылық кеңес
отырысының хаттамасы №1

Күні: 19.09.2024 ж

Қатысушылар:7 адам

Күн тәртібінде:

- 1.Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында көрсетілген талаптарға сәйкес балабақша жанынан қамқоршылық кеңесін құру, Ережесімен танысу.
2. Қамқоршылық кеңестің төрағасын сайлау.
3. Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту.
4. 2024-2025 оқу жылына қамқоршылық кеңестің жұмысын талқылау,бекіту.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Н.Шаганова балабақшада ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды.Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті. Балабақшадағы құрылып отырған Қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне бір жеке кәсіпкер және ата-ана, құқық қорғау органдарының өкілінен бір адам, аудандық «Жұлдыз-звезде» газетінің тілшісі және зейнеткер -ұстаз бір адам барлығы 5 адам келісім беріп отырғанын айтты.Жоғарыда атап өткен үлгілік қағидаға сәйкес Қамқоршылық кеңестің өкілеттігімен балабақша әдіскері Г.Досова таныстырып,ережесімен таныстырды.

Екінші мәселе бойынша, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасынан төраға сайлану қажеттігі айтылды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп , Қамқоршылық кеңесінің төрағалығына Кусайнов Рашид Кимович – Алға аудандық «Жұлдыз-Звезда» газетінің құрылтайшысы ұсынылды.Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып балабақша әдіскері Г.З.Досова тағайындалды.

Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Меңгеруші қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді(балаларды балабақшаға қабылдау) , тамақтануды ұйымдастыру,балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты. Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап,өз ойларын ортаға салды.2024 жылдың қыркүйек айынан 2025 жылдың мамыр айына дейін төрт отырыс өткізіледі деп шешті

Қамқоршылық кеңесінің
төрағасы:



Р.Кусайнов

Хатшы:



Г.Досова